

## Пісіру туралы жалпы мәліметтер

Пісіру деп қатты материалдарды химиялық, физикалық және механикалық энергия арқылы жергілікті әсер ету арқылы ажырамайтын қосылыс алу процесін айтады.

Металдарды пісіру молекулааралық немесе атомаралық байланыстар нәтижесінде жүргізіледі.

Металдарды пісіру физикалық, техникалық және технологиялық белгілерімен әртүрлі топтарға бөлінеді.

Пісіру тәсілін қолданудың басқа қосылыстардан артықшылықтары:

- 1) Металдың үнемделуі 30% дейін;
- 2) Еңбек өнімділігі 20-25% дейін артады;
- 3) Процесті автоматтандыру мүмкіндігінің болуы;
- 4) Мыналарға қолдану мүмкіндігінің болуы:
  - тозған бөлшек беттерін балқытып қаптасытру үшін;
  - ақауларды жою үшін (жарықтарды, қуыстарды және т.б.);
- 5) пісіруге жақын процестерді металдарды кесуге пайдаланады (плазмамен кесу және т.б.)

# Пісіру тәсілдерінің жіктелуі

## ПІСІРУ

### Механикаландыру түрі бойынша

- қолмен;
- Жартылай автоматты;
- Автоматты .

### Физикалық белгілері бойынша

- Термиялық;
- Термомеханкалық;
- Механикалық.



# Пісіру

```
graph TD; A[Пісіру] --- B[Термиялық]; A --- C[Термомеханикалық]; A --- D[Механикалық];
```

## Термиялық

(доғалы, газбен, электрқожды, плазмалы, электронды-сәулелі, лазерлі, термиттік және жарықтық)

## Термомеханикалық

(түйіспелік, диффузиялық, жоғары жиілікті және ұсталық )

## Механикалық

(суықтай, ультрадыбысты, магниттік-импульстік ,  
Үйкеліспен және жарылыспен пісіру)

